

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1236 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 977 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы N 66 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы N 66 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін рұқсат етілген қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1236 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 46, 584-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктің" деген сөздер "материалдық емес активтерді қоспағанда, шетелдік қаржы құралдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін рұқсат етілген қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктің тізбесінде:

тақырыбындағы "қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүліктің" деген сөздер "материалдық емес активтерді қоспағанда, шетелдік қаржы құралдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "валюталармен" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) ақша нарығы қорларымен".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі